

2010 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 қаңтардағы N 14 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қаңтарда N 14-13-64 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы N 7-1233 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2011.05.20 N 7-1233 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 13 тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5 тармақшасына, 20 бабының 5 тармағының 2 тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарды 2010 жылға ұйымдастырушы ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Қ.Мұздыбаев) бекітілген тізбеге сәйкес 2010 жылға арналған аудан бюджетінде қоғамдық жұмыстарға қарастырылған қаражат шегінде, жұмыссыздарды келісіміне сәйкес қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын.

3. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбек ақысы бір айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Пернебековке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күн тізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы *Ж.Рысбеков*
Төлеби ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 19 қаңтардағы
№ 14 қаулысымен бекітілген
қосымшасы

Қоғамдық жұмыстарды 2010 жылға ұйымдастырушы ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі

№	Ұйымдардың тізбесі	Жұмыстардың түрлері	С а н ы , адам
1	2	3	4
1	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары	Аймақтық қоғамдық жұмыстарды өткiзуге көмектесу	59
2	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары. Төлеби ауданы әкiмдiгiнiң «Төлеби көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорны	Жолдар құрылысы және оларды жөндеуге көмек беру	48
3	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары. Төлеби ауданы әкiмдiгiнiң «Төлеби көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорны	Көгалдандыру, ағаштар отырғызу, көркейту жұмыстарына қатысу	50
4	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары. Төлеби ауданы әкiмдiгiнiң «Төлеби көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорны	Әлеуметтiк, мәдени маңызы бар объектiлердi салуға және жөндеуге көмектесу	46
5	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары. Төлеби ауданы әкiмдiгiнiң «Төлеби көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорны	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына көмек көрсету	26
6	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары. Төлеби ауданы әкiмдiгiнiң «Төлеби көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсiпорны» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорны	Аймақты экологиялық, көрiктендiру, көгалдандыру жұмыстарына көмектесу	36
7	Ленгiр қаласы және ауылдық округ әкiмдерi аппараттары	Әлеуметтiк маңызы бар және басқа да жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу	26
8	Ленгiр қаласының қорғаныс iстерi жөнiндегi бiрiктiрiлген бөлiмi	Берiлген өтiнiштерiне сай қорғаныс iстерi жөнiндегi бөлiм жұмысына көмек беру	16
9	Аудандық iшкi iстер бөлiмi	«Тәртiп», «Сақшы» пилоттық жобасы бойынша жұмысқа көмектесу	36
10	Төлеби аудандық мәдени қызмет көрсету және ойын-сауық орталығы «Өркен» мемлекеттiк коммуналдық қазыналық кәсiпорны	Көгалдандыру, ағаштар отырғызу, көркейту жұмыстарына қатысу,	35
11	Төлеби ауданы әкiмдiгiнiң «Ленгiр су» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорны	Ауыз су құбырларын жөндеуге көмектесу	17
12	Төлеби ауданы әкiмдiгiнiң «Төлеби су шаруашылығы» мемлекеттiк коммуналдық кәсiпорны	Ағын су каналдары мен арықтарды тазалауға көмектесу.	25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК